

## НАУРЫЗҒА - АЛМА БАҒЫ!

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Наурыз мейрамын зор ықыласпен атап өтті. Шара аясында, дипломатиялық корпус және халықаралық ұйымдар өкілдерімен бірге алма бағы отырғызылды. Ауқымды шара «Рухани жаңғыру» бағдарламасының екі жылдық және Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласының негізгі ережелеріне арналды.

## «ФАРАБИ ӘЛЕМІ» МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

ҚазҰУ-да жас ғалымдар мен студенттердің «Фараби әлемі» халықаралық конференциясының жабылу салтанаты өтті. Бұл шара екі жылдық «Рухани жаңғыру» бағдарламасы және Жастар жылы аясында өткізіліп отыр.



Аталмыш шара алдында студенттердің инновациялық жобаларының көрмесі болды. Көрмеде жиналған қауымның назарына ҚазҰУ студенттерінің әртүрлі сала бойынша жасаған заманауи инновациялық жетістіктері көрсетілді.

«Фараби әлемі» конференциясының жабылу салтанатына ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов, университет проректорлары, факультет декандары және оқытушылар мен студенттер қатысып, Инжиниринг және ғылыми ауқымды технологиялар кластерінің бас директоры Әмірхан Темірбаев «Жастардың қатысуымен жасалған университеттің инновациялық жобалары» атты актілік дәріс оқыды.

Жалғасы 2-бетте

## MICROSOFT IT- АКАДЕМИЯСЫ АШЫЛДЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Microsoft IT-академиясының ашылу салтанаты өтті. Шараға Microsoft-тың Орталық және Шығыс Еуропа елдері бойынша бас менеджері Анке ден Ауден, «Майкрософт Қазақстан» ЖШС бас директоры Тибор Коляк және ҚазҰУ-дың бірінші проректоры, профессор Мұхамбетқали Бүркітбаев қатысты.

Microsoft IT-академиясы – студенттер мен оқытушылардың Microsoft технологияларына оқытуға арналған алаң. Академия ашылған сәттен бастап, студенттерге Microsoft өнімдері және технологиялармен жұмыс жасау дағдыларын үйрету және оны ары қарай сертификаттаудан өтуге жағдай жасау мақсатында ақпараттық технологиялар және механика-математика факультеттеріндегі мамандықтарда оқыту курстарын қайта қарастырмақ.

«Тарихы тереңнен тамыр алатын қазақстандық университеттің оқыту-ғылыми кешенінде цифрлік технологиялар саласындағы әлемдік көшбасшының озық IT-академиясы өз жұмысын бастап отырғандығына біз қуаныштымыз. IT-академия бағдарламасына қатысу арқылы университет осы саладағы кәсіпқойларға, болашақ студенттерге және академиялық экожүйеге мүдделі басқа да тараптарға Microsoft-тың ең соңғы технологиялары бойынша жоғары сапалы білім беріп, осы салада мойындалған университетке айналуға мүмкіндік алмақ», – деді Мұхамбетқали Бүркітбаев.

Жалғасы 3-бетте



«Асқақ Алатаудың баурайы алма мен қызғалдақтың «тарихи отаны», – деп Тұңғыш Президент Н. Назарбаев атағандай, символикалық негізде мереке алма бағын отырғызудан басталды. Оған Қазақстанда тіркелген шетелдік дипломатиялық миссиялар мен халықаралық ұйымдардың өкілдері, көрнекті қоғам қайраткерлері мен ғалымдар, ардагерлер мен әр жылдардағы түлектер, масс-медиа өкілдері, оқытушылар, студенттер және олардың ата-аналары қатысты. Олар түрлі сұрыптан 300-ден астам алма ағаштарын, сондай-ақ кампус аллеясында бағалы және сәндік ағаштарын отырғызды.

ҚазҰУ ректоры академик Ғалым Мұтанов университеттің студенттері мен шығармашылық ұжымы дайындаған театрландырылған қойылымды аша отырып, Наурызды халықаралық деңгейде атау жақсы дәстүрге айналғанын атады. «Біз мерекемізді «Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту көлемді бағдарламасының екі жылдығына арнадық және оны жаңа жетістіктермен қарсы алып отырмыз. ҚазҰУ Қазақстанның жоғары білім беру флааманы ретінде әлемдік санаттағы зерттеу университетіне айналу жолында сенімді кадам басып келеді. Университет 4.0 моделін сәтті жүзеге асыра отырып, мындаған ұжым жоғары нәтижелерге, соның ішінде халықаралық деңгейдегі жетістіктерге қол жеткізеді», – деді ректор қонақтарды қарсы алды. Ол барлығына көктемгі және мерекелік көңіл-күй, амандық, жұмыста және оқуда табыс тіледі.

Студенттер сарайының алдында Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласының желісінде музыкалық-театрландырылған қойылым болды. Университеттің шығармашылық ұжымы қазақ даласындағы ұлы жетістіктерді көрсетті, атап айтар болсақ, атта жүру мәдениеті, ежелгі металлургия және аң стилі, Алтын адам және Ұлы Жібек жолы, Қазақстан түркі әлемінің бесігі – ұлы ойшылдар мен ғалымдарды және алма ағаштары мен қызғалдақтар отаны атты қойылымдар шеруі көрсетілді. Жиналған көпшілік қауымға «Тұсау кесер», «Шашу», «Қыз ұзату» және т.б. қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері көрсетілді. Осынау бір керемет қойылым керуен шеруімен және Қыдыр-атаның бата сөздерімен аяқталды!

Кампус аумағында 25 киіз үйден этноауыл құрылды. Мереке қонақтары ұлттық тағамдардан дәм татты, киіз үйлерді аралады, алтыбақанда тербелді. Шағын ауданның қонақтарына 500 кг бауырсақ, 200 кг палау және 700 литр наурыз көже дайындалды. Ұлдар мен қыздар ұлттық әндер айтудан жарысты, музыкалық аспаптарда ойнап, ән шырады. Сонымен қатар күшті әрі батыл жігіттер ұлттық спорт түрлеріне қатысып, өз бақтарын сынап көрді. Сондай-ақ қолданбалы өнер шеберлерінің туындылары, кәдесыйлар мен кітап жәрмеңкесі де жұмыс жасады.

Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА,  
саясаттану кафедрасының магистранты

ҮЗДІК ЖАС ҒАЛЫМ  
АНЫҚТАЛДЫ



3-бет

МЕЧТЫ  
СБЫВАЮТСЯ



6-стр.

СТУДЕНТ, "DAMUMED"  
МҮМКІНДІГІН  
ПАЙДАЛАН!



7-бет

Жалғасы. Басы 1-бетте

# «ФАРАБИ ӘЛЕМІ» МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ



2013 жылдан бастап әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Халықаралық Фараби оқуларын өткізу дәстүрге айналған. Оның аясында «Фараби әлемі» атты студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясына 6000-нан астам студент қатысты, оның ішінде Германия, Түркия, Үндістан, Жапония, Корея және ТМД елдерінен 200-ден аса жас ғалымдардың баяндамалары тыңдалып, тәжірибелік сағаттар мен дөңгелек үстелдер өткізілді. Факультеттерде конференция аясында 100-ден астам секция жұмыс істеді.

Конференцияны ұйымдастырудағы басты мақсат – студенттердің ғылыми-зерттеу және оқу-ағарту қызметін дамыту, жас ғалымдардың ғылым саласындағы өзекті мәселелерін шешудегі ұсыныстарын тыңдау, әрі талантты жастарды қолдай отырып интеллектуалды орта қалыптастыру болып табылады.

Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққан жеңімпаздарға I, II, III дәрежелі диплом мен ақшалай сыйлықтар табысталды. Ал инновациялық жобалар байқауы бойынша бас жүлде физика-техникалық факультетінің студенттері Темірлен Ибраимов, Сұлтан Үсенхан, Динара Досмұханова, Диас Елубаевқа бұйырып, жеңімпаз студенттер диплом мен 150-мың теңге ақшалай сыйлықпен марапатталды.



Еліміздің Тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай «Біздің мақсатымыз – ғылымның дамуы үшін тың серпін, дұрыс бағыт-бағдар беру». Осы жолда ҚазҰУ жастары ғылымдағы соңғы жаңалықтарды меңгере отырып, қоғамның дамуына жаңа идеялар, білім мен ғылыми техникалық жетістіктерге қол жеткізу үшін жан-жақты ізденіп, ерінбей

енбектенуде. Ал осындай алғыр студенттерді университет тарапы әрқашан да қолдап, білім мен ғылымның шыңын бағындыруға барлық жолды ашып, көптеген мүкіндіктер жасап келеді.

Өз тілшімізден

## РЕКТОРАТ

**Кезекті ректорат жиыны университеттің 2019 жылғы қабылдау кампаниясына дайындығы туралы оқу жөніндегі проректор Асқар Хикметовтің хабарламасынан басталды. Баяндамада өткен оқу жылы мен алдағы оқу жылы бойынша салыстырмалы деректер келтіріп, 2019 жылдан бастап білім беру гранттары маусым айында өткізілетін ҰБТ сертификатының балдарына сәйкес білім беру бағдарламаларының топтары бойынша берілетіндігі айтылды.**

Білім беру бағдарламаларының тобы бір немесе бірнеше білім беру бағдарламаларынан тұрады. Жалпы білім беру бағдарламаларының 97 тобы бар. Бейінді пәндер сәйкес келген жағдайда білім беру бағдарламаларының төрт тобына дейін таңдау мүмкіндігі беріледі. Мысалы, "Биология" + "Химия" бейінді пәндер комбинациясымен білім беру грантын тағайындау конкурсына келесі білім беру бағдарламаларын таңдауға болады: 1) химия мұғалімдерін дайындау, 2) биологиялық және аралас ғылымдар, 3) ветеринария, 4) жалпы медицина. Білім беру бағдарламалары

# БІЛІМ БАСТЫ БАЙЛЫҚ

топтарының тізімі ҰТО сайтында жарияланған (<https://testcenter.kz>). Сонымен қатар проректор А. Хикметов соңғы үш жылда берілетін мемлекеттік тапсырысқа кенінен тоқталып, бакалавр, магистратура, докторантура бойынша талапкерлер саны мен қабылданған студенттер көлемін де талқылады. Бүгінде ҚазҰУ-да 900-ге жуық шетелдік студент білім алып жатыр, ендігі жылы бұл көрсеткіш тағы да өседі деп күтілуде.

Күн тәртібінде қаралған тақырыптың бірі VI Фараби оқуларының қорытындылары болды. Баяндаманы Ғылым және инновациялық қызмет жөніндегі департаменттің директоры Серік Мұхамбетжанов жасады. Жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін Фараби оқулары биыл да өз биігінен көрінді. Шетелдік және отандық ғалымдардың белсенділігі байқалды. Барлығы жақсы дайындықпен келіп, тақырып төңірегінде әрбір секциялар мен дөңгелек үстелдерде қызу талқымен өтті. Өзара пікір алмасу алаңы жақсы ұйымдастырылып, ары қарай да байланыс алмасу және зерттеу жұмыстарын жүргізу жолдары реттеліп, қаралды.

ҚазҰУ жанындағы Microsoft IT-академиясының ашылуы жайлы деректерді талдау және өңдеу орталығының директоры

Жаңыл Мамыкованың ақпары өте маңызды тақырыптардың бірі болды. Негізі бұл академияның білім беру бағдарламасы жасалып, сол арқылы ұтымды тұстарының көптігі мәжіліске қатысушылардың қызығушылығын тудырды.

Жиналыста шетелдік іс-сапар бойынша Оксфордта өткен магистранттар тағылымы туралы ғылыми кадрларды дайындау және аттестаттау басқармасының басшысы Рената Құдайбергенованың ақпары тыңдалды.

Ректорат мәжілісінде Наурыз мейрамын қорытындылап, ең үздік деп танылған факультеттер мен арнайы мереке қарсаңында өткізілген «Тазалық апталығының» қорытындылары бойынша да жүлделі орын иегерлері сый-сияпатпен марапатталды.

«Болам деген баланың, бетін қаппа, белін бу» дегендей, ҚазҰУ білімге ынталы жастарды ұдайы қолдап, демеу жасайды. Соның тағы бір көрінісі органикалық заттар химиясы мен технологиясы, табиғи қосылыстар және полимерлер кафедрасының меңгерушісі Григорий Мун бірнеше демеушілердің тағайындаған шәкіратықаларын 26 студентке табыстайды.

Еңлік АҚЖИПТ

## QYSQA-NUSQA

**Тарих, археология және этнология факультетінде Ғаббас Жуматов атындағы айдитораның салтанаты ашылып рәсімді өтті. Салтанаттың аясында Алматы қаласы Бостандық ауданы ардагерлер кеңесінің төрағасы Н.Б. Біржанов және ҚазҰУ-дың оқытушы-профессорлар қарамы қатысты.**

Жын барысында стъденттер тарапынан ұйымдастырылған отты жылдар ғақытына арналған көрініс көрсетіліп, кітап көрмесі мен фото-сұрет көрмесі ұйымдастырылды. Айдитораны ресми түрде ашып мәртебесін Алматы қаласы, Бостандық ауданы ардагерлер кеңесінің төрағасы Хамит Біржанұлы мен соғыс ардагері Тамара Максимоваға табыстайды. Салтанатты түрде ашылған оқы айдиторасын тарих, археология және этнология факультетінің деканы М.С.Ноғайбаева танастырып өтті.

Қазақ ұлттық университетінің құрметті професоры, тарих ғылымдарының докторы Ұ.Н. Шалкенов, Ғаббас Жуматовтың ұлт рұханияты мен ғылымна сиіңірген еңбектері тырлы жүрежарды сөздерін, естеліктерін айтып, алдағы ғақытта жасалар істерге сәттілік тіледі. Ал, Еўразия ғыманитарлық институтының ректоры, тарих ғылымдарының докторы, професор А.Қ. Қусаинов: «Ғаббас Жуматовтың ғақырға жық ғұмыры тек қана еліміздің игілігі, болашақ ұрпақтың бақытына арналып келген екен. Кешегі беіметті өмірдің земетін көретін шақта да ол өзін тыған халқының қызметіне әлі де болса жарамын деп есептеді», - деп ойымен бөлісті.

Өмірінің соғы жылырды ғылым мен қоғамдық өмірге арнап білген, «Екінші дүнежүзілік соғыс» деген атағымен қалған сол соғысты басынан өткерген, жаыңгер серіктерінің батыры беінесі жүрегінен өшпептін, өзі де Отаны үшін тасалмастан табанды ерлік жасаған ардагер ақсақалдарымыздың бірі – Ғаббас Жуматовты қазір ортамызда жоқ, бірақ абырой-намыс пен қайрат-күсінтің мәңгілік белгісі ретінде есімізде қала бермек.

\*\*\*

**Биология және биотехнология факультетінің деканы, б.ғ.д., професор Болатхан Заиданның шақырғымен биотехнология кафедрасында Каранденз техникалық университетінің професоры Демірбағ Зіһні (Түркия) докторанттар мен жас ғалымдарға дәріс оқыды.**

Професор Демірбағ Зіһні Трабзон қаласындағы Каранденз техникалық университетінің молекулалық биология кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарады. Ол молекулалық биотехнология саласының маманы және әлемге танымал атақты ғалым. Оның ғылыми бағыты вирустар мен саңырауқұлақтардың бұнақденелілердің клеткаларымен өзара қатынасын зерттеу жұмыстарымен тікелей байланысты. Професор Демірбағ Зіһні стъденттер, магистранттар және докторанттарға дәріс оқы мақсатында және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Каранденз техникалық университетінің қарым-қатынасын қалыптастыру турғысында шетелдің професорларды шақыру бағдарламасы бойынша шақырылды. Сонымен қатар, ол стъденттер мен жас ғалымдарға арналған халықаралық «Фараби әлемі» конференциясына халықаралық бағдарламашы ретінде қатысты. Оның «Бұнақденелілерге нейротоксин бөлу қабілеті бар Chilo қубылмалы вирусының инсектисидтік белсенділігін арттыру» тақырыбындағы бағдарламашы гандік инженериямен байланысты және негізгі жұмыстары токсикалық ганді Chilo қубылмалы вирусына (CIV) еңгізі арқылы бизтумсық тарзді әр түрлі бұнақденелілер-зақымдағышлармен күресу шараларына бағытталған.

\*\*\*

**Механика-математика факультетінің магистранттары Берлин техникалық университетінде «Халықаралық ғақыр мектебі» бағдарламасы бойынша тағылымдамандан өтіп келді.**

10 күнге созылған тағылымдама барысында К. Briss, M. Orlov, D. Galaiko, N. Rembo сынды алдығы қатардағы JOO-ның жетекші професорларының дәрістері тыңдалды. Аталмыш дәрістер серіктік жүелерге шолы, STK-ға кіріспе, аспан механикасы және ғақырштық динамика, серіктік шағын жүелер, тексеру жүесі, деректерді өңдеу негіздері, наносеріктерді бағдарлау және басқару жүесі, наноспътниктік жобалау әдістемесі, жаһандық тұрақты иновациялар деген кең аяқымды тақырыптарды қамтып, танымдық ақпаратқа толы болды.

ҚазҰУ-да «Жаңа гуманитарлық білім: қазақ тіліндегі 100 оқулық» жобасы аясында қазақ тіліне аударылған 30 жаңа оқулықтың тұсаукесері өтеді

## ҮЗДІК ЖАС ҒАЛЫМ АНЫҚТАЛДЫ



VI «Әл-Фараби және қазіргі заман» форумының қорытындысы бойынша, 2019 жылдың 12 сәуірінде ғылыми іс-шаралар қорытындысы бойынша «ҚазҰУ 2019-ның үздік жас ғалымы» байқауы өткізілді. Конкурстың қорытындысы бойынша физикалық химия, катализ және мұнай химиясы кафедрасының аға оқытушылары PhD Е.Т. Ермолдина және PhD И.М. Джелдыбаева және журналистика факультетінің докторанты, әрі әріптесіміз Саягүл Әлімбаева және т.б. «2019 жылғы үздік жас ғалым» дипломымен марапатталды. Жас және талантты әріптестерімізді құттықтаймыз. Сіздерге шығармашылық табыс, жемісті ғылыми қызмет және жаңа биіктерді бағындыра берулеріңізді тілейміз!

Ізгі тілекпен, "Қазақ университеті" газетінің редакциясы!

Жалғасы. Басы 1-бетте

## MICROSOFT IT-АКАДЕМИЯСЫ АШЫЛДЫ



ҚазҰУ Microsoft IT-академиясы технологияға бағытталған экономикада жетістікке жету үшін қажетті білімдерді оқытушылар мен студенттерге игеруге мүмкіндік беретін оқу бағдарламалары мен сертификаттауды ұсынады. Курстар компьютерлік ғылымдар, IT-инфрақұрылым, деректерді өңдеу және талдау, өнімділік сынды бағыттарда дайындалған.

Microsoft-тың Орталық және Шығыс Еуропа елдері бойынша бас менеджері Анке ден Ауден: «Жоғары білім технологияларға негізделген экономиканың даму беталысын ескеріп, студенттердің болашағы үшін жаңа мүмкіндіктерді құру жағдайын жасау қажет. Бұл инвестициялар жас мамандарға басқаша қырынан ойлап, күрделі әлеуметтік мәселелерді тиімді шешуге арналған дағдыларды дамытуға көмектеспек. Microsoft Imagine Academy –

бұл қазақстандық студенттерге технологиялар яғни, қалай өмір сапасын көтере алатындығы жайлы өз заманауи көзқарасын білдіріп, инновациялық машиналарды, материалдар мен жүйелерді жасау ісінде оларға қолдау көрсетеді» – деді.

ҚазҰУ Microsoft IT-академиясы оқытушыларға технологиялар туралы сан алуан онлайн курстардан өтуге, оқу курстарына өзекті ақпаратты қосуға мүмкіндік берсе, студенттер сертификаттаудан өтіп, осының арқасында бүкіл әлемде танылатын Microsoft сертификаттарына қол жеткізе алады.

Баспасөз қызметі

## ҚАЗАҚСТАН МУЛЬТИПОЛЯРЛЫ ӘЛЕМДЕ: ЭКОНОМИКАЛЫҚ СЦЕНАРИЙЛЕР

ҚазҰУ-да VI Халықаралық Фараби оқулары аясында ҚазҰУ-дың 85 жылдығына және Экономика және бизнес жоғары мектебінің 70 жылдығына арналған «Қазақстан мультиполярлы әлемде: экономикалық сценарийлер» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Фараби оқулары аясында жыл сайын ауқымды іс-шаралар өткізу әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті үшін дәстүрге айналған. Алты жыл қатарынан өткізіліп келе жатқан Фараби оқулары елде ғана емес, әлем төрінде жоғары оқу орындары мен ғылыми қоғамдастықта кеңінен танымал шараға айналды.

ҚазҰУ-дың 85 жылдығына, ЭЖБЖМ 70 жылдығына орай Фараби оқулары аясында ұйымдастырылған, мемлекет және тұлға дамуының жаһандық мәселелерін шешуде қазақстандық және шетелдік ғалымдардың күш-жігерін біріктіруге арналған ірі халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция екі күнге жалғасты.

Конференцияның салтанатты ашылуы 9 сәуірде отандық және шетелдік ғалымдардың, бизнес-сектор өкілдерінің, Қазақстанның абыройлы ЖОО басшыларының қатысуымен әл-Фараби кітапханасында өтті.

Пленарлық мәжілісте Экономика және бизнес жоғары мектебінің деканы Р.К. Сагиева факультеттің тарихы мен жетістіктеріне тоқталып өтіп, болашақ даму бағыттарын ашып айтты. Экономика ғылымдарының докторы, профессор, «Нархоз Университеті» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы С.А.Святков отандық банк секторының өзекті мәселелеріне қатысты сөз қозғады. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақстан Білім және ғылым министрлігінің Экономика институтының директоры А.А. Сатыбалдин еліміздің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету стратегиясының маңызына тоқталып өтті. Шетелдік ғалымдар арасында Падуа университетінің профессоры Давид Челетти (Италия) Италия мен Еуразиялық ШОБ арасындағы коммерциялық қарым-қатынастар жайында баяндама жасады. KZI Bank Басқарма төрағасы Олекси Ж. Қазақстанда түрік банктік тәжірибесін дамытудың келешегі туралы жан жақты мәселерді қозғады. Кәсіби бухгалтерлер Палатасы Басқармасының Төрағасы, ҚР Аудиторлар Палатасының құрметті мүшесі Д.А. Шютц, ҚазҰУ-дың профессоры Б.М.Мухамедиев, факультеттің ең бірінші деканы Ф.А. Жеребьятевтің немересі, «Money Experts» директорлар кеңесінің мүшесі Д.И.Жеребьятев, Нархоз университетінің Қаржы кафедрасының менгерушісі, профессор

А.Адамбекова және KBS group компаниясының бас директоры М. Акатаев мерейтойлы пленарлық отырыста өздерінің пікірлерімен бөлісіп, құттықтауларын жаудырды.

Пленарлық отырыс төрт бағыт бойынша параллельді сессиялармен жалғасты:

-XXI ғасыр: әлемдік кеңістіктегі ұлттық экономиканың даму келешегі;

-Мультиполярлық әлемдегі басқару: үрдістер мен перспективалар;

-Мультиполярлық әлемді қалыптастыру жағдайындағы бухгалтерлік есеп және аудит;

-Жаңа қаржылық технологиялар нарығы: мәселелер мен шешімдер.

«Жаңа қаржы технологиялар нарығы: мәселелер мен шешімдер» секциясына Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің Экономика институты, Ресей халықтар достығы университеті, Орал мемлекеттік университеті және басқа да университеттерден 42 мақала келіп түсті. Оның ішінде 37-і тыңдалып, келесі бағыттар бойынша: экономиканы цифрлық түрлендірудегі ақпараттық қауіпсіздік жүйесі; қаржылық қызметтердегі сандық өзгерістер; бірінші және екінші деңгейдегі банктерде жаңа қаржы технологиялары; электрондық төлем жүйелерін жетілдіру тақырыптарында пікірталас жүргізілді.

Талқылау қорытындысы бойынша ұсыныстар білім беруді цифрландыру, білім беру мен зерттеу арасындағы байланысты нығайту, Қазақстандағы жоғары оқу орындарының бірлескен қызметін үйлестіру және басқа елдердің жоғары оқу орындарымен байланысын нығайту, инновациялық қаржылық технологияларды ынталандырудың қазіргі заманғы әдістерін және нысандарын дамытуды көздейтін қоғам өміріндегі рөлін арттыру қажеттілігі, халықтың цифрлық сауаттылығын қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды ұйымдастыру, сондай-ақ, мамандар үшін корпоративтік оқытуды жүзеге асыру, әсіресе мамандыққа қатысты қарым-қатынас және техникалық дағдыларды арттыру, мультиполярлық әлемді қалыптастыру жағдайындағы экономикалық ғылымның үлесін арттыруды қарастырды.

Экономика және бизнес жоғары мектебі



## КОРЕЯНЫҢ ИНТЕГРАЦИЯСЫ – АУМАҚТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК КЕПІЛІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жанындағы Стратегиялық зерттеулерді дамыту Халықаралық орталығы және Кореяның бейбіт және демократиялық бірігуі бойынша Консультативтік кеңестің Орталықазиялық өкілдігі арасында ынтымақтастық және өзара әрекеттестік туралы келісімге қол қою рәсімі өтті.



Құжаттық аясында тараптар ғылыми-зерттеу саласында, аумақтық жағдайдың болжамы мен бағалауды қалыптастыру, Корей түбегіндегі гуманитарлық, әлеуметтік-экономикалық және саяси дағдарыстың алдын алу бойынша бірлескен шараларды қабылдау мәселелерінде бірлесіп ынтымақтасуды жоспарлауда.

Өкілдік басшысы Ли Жи Ван ашық диалогтың және Қазақстанның ғылыми ортасымен ынтымақтастықтың маңыздылығын атап өтіп, корей қоғамының тиімді интеграциясына бағытталған ғылыми-зерттеу және басқа да жобаларды жүзеге асыруда көмек көрсету ниетін білдірді.

Стратегиялық зерттеулерді дамытудың Халықаралық орталығының Бас директоры Нұржан Нұрахметов өз сөзінде келісімнің тек ғылыми емес, сонымен қатар тәжірибелік қызығушылық тудыратынын атап өтті. Тараптар бейбітшілікті орнату және нығайту бойынша бастамаларды қолдау, сондай-ақ екі елдің бірігуі жолындағы ынтымақтастықтың басым бағыттарын айқындап, басты кезектегі міндеттерді анықтады.

Өз тілшімізден

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ГЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ МИНЕРАЛОГИЯНЫ ДАМУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

2019 жылдың 10-сәуірінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Әл-Фараби атындағы ғылыми кітапханасында VI Фараби оқулары халықаралық ғылыми конференциясы аясында география және табиғатты пайдалану факультеті академик Қ.И. Сәтбаевтың 120 жылдығына арналған «Қазақстандық геология және минералогияны дамытудың өзекті мәселелері» тақырыбы бойынша дөңгелек үстел өткізді.

Дөңгелек үстелге ҚР Ұлттық ғылым академиясының геология институтының, «GeoMineProject» ЖШС, Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-і тарихи мұра орталығының өкілдері және Қазақ ұлттық университеті, география және табиғатты пайдалану факультетінің профессорлар-оқытушылар құрамы, докторанттар және студенттер қатысты.

Дөңгелек үстелінде академик Қ.И. Сәтбаевтың ғылыми үлесі мен жетістіктері туралы баяндама жасалынды, геология және минералогия мәселелері қарастырылды.

Ұсынылған баяндамалар дөңгелек үстелге қатысушылардан жақсы баға алды. Академик

Қ.И. Сәтбаевтың ғылыми жетістіктері және қазіргі геология мәселелері талқыланды. Қазақстан Республикасының барлық жоғары оқу орындарында, оның ішінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Геология» мамандығын енгізу мүмкіндіктері қарастырылды. Талқылау барысында жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде геология бағытында қажетті пәндердің саны ескерілуі қажеттілігі айтылды. Оқу үдерісіне «Сәтбаев оқулары» пәнін енгізуді қарастыру туралы шешім қабылданды.



Шетелдік және отандық медиа сарапшылар мен журналистер өзекті ойларын ортаға салған «Тұрақты даму мақсатында халықаралық журналистиканы оқыту моделдері» (МТІ) атты IV Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция биыл төртінші жыл өткізілді. Бұл медиа алаңда коммуникациялық саланың дамуындағы жаңа тенденцияларды, диджитал-технологиялар мен білім берудегі әлемдік трендтерді талқылау дәстүрге айналды.

## Цифрлық дәуірдегі журналистика: ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ТРЕНДТЕРГЕ ІЛЕСІП КЕЛЕМІЗ БЕ?!



«2018-2019 жылдардағы Орталық Азиядағы коммуникация және информация» атты ЮНЕСКО бағдарламасын таныстырды.

Проректор – Пан Ги Мун атындағы Тұрақты даму институтының директоры Рафис Абазов тыңдаушылардың назарын әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «жасыл» коммуникацияны ұйымдастырудағы, АКТ дамытудағы және тұрақты даму мақсатында білім берудегі рөліне аударды. Р. Абазов: «Біз ҚазҰУ кампусын бұдан да жасылдандыра аламыз, университетті де, Алматыны да жасыл қала жасауға болады және ол біздің міндетіміз. Бұл қадам Қазақстанды өңірлік орталық ретінде бұдан да жасыл, тұрақты және өмір сүруге қолайлы етеді», – дей келе, келесі мәселелерге баса көңіл аударуды ұсынды: білім беру концепциясын тұрақты даму мүддесі тұрғысынан талқылау; ең үздік білім беру модельдеріне бағытталу, креативтілік, түрлі мәдениеттер мен мамандықтар қоғамдастықтарымен жұмыс істей білу; ҚазҰУ ғалымдары әлемдік ғылым мен техниканың

дамуына өз үлестерін қосуы тиіс, бұл бағытта шетелдік мемлекеттердің тәжірибелерін жете білу. Осының барлығы ҚазҰУ-ды бұдан да танымал, бәсекеге қабілетті етеді және әлемдік аренадағы университеттің мәртебесіне тікелей ықпал етеді.

Конференцияның жоғары маңыздылығын Тұрақты даму жөніндегі ЮНЕСКО кафедрасының меңгерушісі Тұрсынқұл Базарбаева атап өтті: «Қоғамдық пікір қалыптастырудағы БАҚ-тың рөлін асырабағалау қиын, журналистерге кәсіби білім берудегі жоғары стандарттардың маңыздылығына да дау жоқ. Қазақстан Орталық Азиядағы көшбасшы ретінде тұрақты даму мақсаттарын жүзеге асыру саласында көптеген жобаларды жүзеге асырып келеді. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ЮНЕСКО статусын иеленген екі кафедраның болуы үлкен жетістік, сондай-ақ, маңызды мақсаттарға жетудегі тиімді механизм».

ОА Internews өкілдігінің медиасуаттылық

жөніндегі кеңесшісі Гүлнар Асанбаева медиасуаттылықты дамытудағы жастармен үнемі жұмыс істеудің, сыни ойлаудың маңыздылығына, ал «Әділ сөз» сөз бостандығын қорғау халықаралық қорының сарапшысы Ғалия Әженова азаматтық журналистикаға тоқталды.

Конференцияда сөз алған Қазақстанның түрлі жоғары оқу орындарының оқытушылары да өзекті ойларын ірікпей ортаға салды. Аязби Бейсенқұлов (АТХУ профессоры) медиалық ландшафтың жылдам өзгеріп жатқанын тілге тиек етті.

Мадияр Саудбаев (С. Демирель атындағы СДУ) және Зәуреш Қойгелдиева (М. Х. Дулати ат. ТМУ) журналистердің кәсіби күзіндірілігін күшейту қажеттігін баса айтты. Бүгінгі аудитория кеністік пен уақытқа бағынбайды, тұтынушы жаңалықты өзіне ыңғайлы жерден қай кезде болмасын ала береді. Сондықтан, бәсекеге қабілетті болу үшін журналист жылдам, сауатты әрі қызықты ақпарат бере білуі тиіс.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры Ләйла Ахметованың журналистің тарихи-ғылыми фактчекинг кәсібі әдісіне негізделген Workshop қатысушылардың ерекше қызығушылығын туғызды.

Конференцияның қатысушылары білім беру мен журналистиканың дамуындағы көкейкесті тақырыптарды дер кезінде талқылаудың маңыздылығын атады. Кездесу эдьютон және жаңа білімнің инновациялық үдерістерін бағалау форматында өтті.

**Назгүл ШЫҢҒЫСОВА,**  
филология ғылымдарының докторы,  
ЮНЕСКО, халықаралық журналистика  
және қоғамдық медиа кафедрасының  
меңгерушісі;

**Елена ДУДИНОВА,**  
доцент

Шығыстану факультетінде Пәкістан Ислам Республикасының Қарулы күштері мен достастық елдердің Мемлекеттік қызметкерлері әскери делегациясымен кездесу өтті

## ӨЗ БИІГІНЕ ҒАЛЫМ БОЛЫП КЕЛДІ

**Берікбай Сағындықұлы 1939 жылы жиырма төртінші мамырда Қармақшы ауданы, Ақжар ауылында дүние есігін ашқан. Журналист, ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор.**



жауапкершілікпен қоса, ғылыми дәлелді қажет етеді. Құдайдың құдіретімен құранды жатқа айта алған ғалым тіл мәселесін діни, ғылыми, философиялық қырынан қарап, математикалық жолмен шешімін табуға тырысты. Түркі тілдеріндегі дыбыстардың өзгеруі мен қазіргі дауысты және дауыссыз дыбыстардың шығу тегі туралы айтқан жаңалықтары адамды толғандырмай қоймайды. Ғалым осы уақытқа дейін 2 монография, 7 оқу құралы, 300-ден аса ғылыми және публицистикалық мақалалар жазды.

Сонымен қатар, ғалымның Аллатану ғылымының әліппесі ретінде жазылған «Ғаламның ғажайып сырлары» атты туындысы діни-танымдық энциклопедия. Бұл туындысында қазіргі замандағы діндегі көптеген актуальды мәселелердің нақты жауабын беріп, дұрыс және бұрыс ағымдардың ара-жігін ашып көрсетіп, отбасы және адам бойындағы түрлі жағымды-жағымсыз қасиеттер туралы жазылған.

Ғылымға талаптанған жас ғалымдарға өз көмегін аямай, талай-талай ғылым кандидаттары мен докторларын шығарды.

Қазақ түгіл түркі халқы өзімісініп, өз ұлындай санайтын белгілі түрколог ғалым, теолог, этимолог, филология ғылымдарының докторы, профессор Берікбай Сағындықұлының 80 жылдық мерейтойына арналған «Тарих және таным: көне мұралар тілін зерттеудің парадигмасы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясын университетіміздегі қазақ тіл білімі кафедрасы мен Нұр-Сұлтан қаласындағы Халықаралық Түркі академиясымен бірлесе отырып, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында 24 мамырда өткізу жоспарланып отыр.

**Ғазиза ИМАНАЛИЕВА,**  
*филология ғылымдарының кандидаты,*  
*доцент;*  
**Барысгүл КЕҢЕС,**  
*1-курс магистранты*

**Кафедра информатики – одна из ведущих на факультете информационных технологий КазНУ им. аль-Фараби является локомотивом формирования кадрового потенциала – конкурентоспособных и востребованных специалистов высшей квалификации.**

## С ЮБИЛЕЕМ!

На кафедре ведется научное направление путем интеграции образования, науки и инновации, которым руководят видные профессора кафедры с многолетним опытом учебной и научной работы. Сотрудники принимают активное участие и в общественном векторе развития кафедры, посещают дома престарелых и детские дома, участвуют в организации благотворительных обедов для студентов факультета в общежитии.

Праздничные даты на факультете отмечаются торжественно и на высоком уровне. Кафедра информатики неоднократно занимала призовые места и была награждена похвальными грамотами. Следует особо отметить, что возглавляет всю эту кропотливую работу ведущий специалист кафедры Мадина Абдуалиевна Найманбаева, человек с талантом организатора, искренне внимательный к людям, решающий сложные организационные и общественные задачи, стоящие перед коллективом.

Мадина Абдуалиевна – выпускница биологического факультета КазГУ имени С.М.Кирова, в университете работает с 1981 года (м.н.с. в отделе стандартизации и метрологии, старший инженер в научно-исследовательской части ректората, старший лаборант на кафедре Высшая математика и методика обучения, ведущий специалист в учебном отделе ректората). В ходе трудовой деятельности повышала профессиональную квалификацию в Москве, Санкт-Петербурге и Саратове.

Многие годы она была профгорм ректората. С 2008 года – ведущий специалист на кафедре информатики. За успехи в работе неоднократно награждалась грамотами, дипломами, юбилейными медалями к 70 и 80-летию КазНУ. Пользуется непререкаемым авторитетом и уважением коллег.



Мадина Абдуалиевна воспитала двух сыновей, которые успешно защитили диссертации на степень доктора философии и занимают ведущие должности в университетах, имеет прекрасных внуков.

Коллектив кафедры информатики поздравляет Мадину Абдуалиевну с 65-и летним юбилеем и желает крепкого здоровья, оптимизма, бодрости духа и благополучия! Пусть каждый день приносит радость общения с интересными людьми, удовлетворение от того, как ладится работа, поскольку опыт, обширные знания и творческий потенциал востребованы сегодня как никогда!

**Б. УРМАШЕВ,**  
**Т. ХАКИМОВА,**  
*зав. кафедрой информатики,*  
*профессор и доцент кафедры*

**Жақында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының АҚШ, Қытай, Корея, Ауғанстан, Түркия, Филиппин, Германия, Испания, Швейцария, Жапония, Вьетнам және басқа да елдерден қазақ және орыс тілдерін оқу үшін Қазақстанға келген шетелдік студенттері «Қош келдің, өз-Наурыз!» атты көктем мерекесінің тойлануын тамашалады.**



жеті қыры» атты Елбасы мақаласының желісі бойынша университеттің көркемдік-шығармашылық ұжымы дайындаған «Ұлы даланың жеті қыры» атты музыкалық-театрландырылған қойылымды тамашалап, бағдарламадағы көрсетілген қазақ даласының ұлы жетістіктері: атқа міну мәдениеті, ежелгі металлургия және аң стилі, Алтын адам және Ұлы Жібек жолы, Қазақстан Түркі әлемінің бесігі ретінде - ұлы ойшылдар мен ғалымдардың, алма мен қызғалдақтың отаны екені және қазақ

## ШЕТЕЛДІК СТУДЕНТТЕР НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІН ТАМАШАЛАДЫ

Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет және еліміздің тарихын әлемге таныту аясында университеттің рухани-мәдени тұрғыда жоғары деңгейде ерекше өткен «Қош келдің, өз-Наурыз!» атты көктем мерекесінің тойлануын таныстыру арқылы біз мәдениетімізді шетелдік студенттерге дәріптеу.

Бұл, біріншіден, қазақ халқының жоғары мәдениеті мен өнегелік қасиеттері туралы шетелдік студенттердің тарихи әрі рухани-мәдени білімдерін көтерудің өзгеше формасы, екіншіден шетелдік студенттердің ой-танымын қалыптастырудың негізі болар бірден-бір жақсы шара болды.

Осы өткізілген мерекелік шара, яғни мәдениетаралық коммуникация шетелдік студенттерді Қазақстанның тілін, тарихын және мәдениетін, ұлттық салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрпымызды құрметтеуге тәрбиелеуде өз үлесін қосты деп санауға болады.

**А. САДЕНОВА,**  
*филология ғылымдарының докторы,*  
*шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасы*



**Магистранты ҚазҰУ им. аль-Фараби проходят научную стажировку в ведущем вузе мира - Оксфордском университете. Договоренность о развитии партнерства между университетами была достигнута в прошлом году, в ходе визита ректора КазҰУ академика Галыма Мутанова в Оксфордский университет.**

Уже в этом году магистранты отправились в Школу географии и окружающей среды (School of Geography and the Environment) для прохождения стажировки по специально разработанному курсу «Введение в науку». Его особенность в синергии теории и практики - лекции ведущих профессоров сопровождаются презентациями исследований, на конкретных примерах изучаются методология и планирование научных проектов. Студенты КазҰУ выступили с собственными научными разработками.

Особое внимание было уделено знакомству с инфраструктурой Оксфордского университета. Казахстанские студенты посетили лаборатории, объединяющие исследователей из разных областей наук - географии, биологии, химии, физики, археологии. Как отметили магистранты, стажировка дала возможность не только послушать лекции именитых профессоров и получить практические знания и навыки, но и ознакомиться с системой обучения ведущего вуза мира. Они зарядились мотивацией к научной деятельности и получили незабываемые впечатления.

На сегодняшний день интернационализация высшей школы является одним из основных трендов развития системы высшего образования в Казахстане. И система подготовки кадров ориентирована

не только на увеличение академической мобильности студентов, но и на улучшение индикаторов качества таких программ. По данным международного агентства Quaquarelli Symonds (QS), ежегодно публикующего рейтинг университетов мира, наилучшие показатели демонстрирует КазҰУ. Преподаватели и студенты мобильны, активно участвуют в таких международных проектах, как Эразмус+, Мевлана, «Абай-Верн», IAESTE.

В международном рейтинге QS Оксфордский университет входит в пятерку лучших вузов мира. По версии рейтинга Times Higher Education World University Rankings, в University of Oxford в 2018 году обучалось 24000 студентов, 41% которых (почти 9 900) составляют иностранные студенты из 140 стран (20% от всех студентов обучаются на уровне бакалавриата и 64% - на уровне послевузовского образования, то есть магистратуры и докторантуры).

Особое место в развитии программ академической мобильности и международной научной коллаборации занимает сотрудничество на основе меж-университетских договоров, предусматривающих кредитную мобильность, обмен лекционной деятельностью, проведение научных стажировок магистрантов и докторантов.

# Мечты СБЫВАЮТСЯ

**Жанел ҒАДЫЛҚАН, магистрант**  
I курса факультета журналистики:

— Я давно мечтала стать одной из тех, имя которым Oxford alumni - выпускник Оксфорда. В начале апреля КазҰУ подарил мне возможность прикоснуться к этой мечте - я была среди 26 лучших студентов-магистрантов, отобранных для участия в курсе «Введение в науку».

Оказалось, что у наших университетов есть немало общего, но мне хотелось бы остановиться на некоторых особенностях. Во-первых, это отбор потенциальных студентов. Для поступления в Оксфорд абитуриенты должны, помимо базового пакета документов (транскрипт, резюме, сертификат о знании английского), предоставить мотивационное и рекомендательные письма, по которым, в итоге, и принимается решение. Во-вторых, оказалось, что магистранты и докторанты сдают экзамен только в конце года. Это позволяет им больше сфокусироваться на теме своего исследования, не думая об оценках. При этом на экзамен студенты должны приходить в мантиях и колпаках.

Основным моментом при обучении в магистратуре и докторантуре, конечно, является исследование. Мы увидели, с какой страстью студенты относятся к теме. Я очень благодарна своему вузу за эту поездку, поскольку получила огромную мотивацию сделать качественную и полезную работу, внося, тем самым, свой вклад в развитие науки Казахстана.



\*\*\*



**Нурсая ЖУМБАЙ, магистрант**  
I курса факультета химии и химической технологии:

— Данная программа дала возможность ознакомиться с системой образования старейшего вуза Англии, определить идеи для научных работ и получить советы от профессоров университета. Мы выступили со своими научными разработками, ознакомились с работами по исследованию

миграции песка в пустынях Сахары, природы Монголии, жизни бедуинов в Омане и горных пород Гималаев, в результате чего зарядились мотивацией и получили незабываемые впечатления.

Проводя исследования в лабораториях Университета Оксфорд, мы получили возможность получить хоть и небольшой, но ценный опыт и ознакомиться с научными направлениями лабораторий по экологии и люминесцентному анализу, нашли научные группы, которые занимаются схожими исследованиями. Первые шаги для проведения будущих совместных научных исследований с учёными с мировым именем и их научными группами уже сделаны. Мы были объединены одной целью: познакомиться с научными направлениями и поделиться полученным опытом со своими сокурсниками и факультетом.

**VI Халықаралық «Фараби оқулары» форумының аясында ҚазҰУ-дың биология және биотехнология факультетінде Лотарингия университетінен (Франция) және Karadeniz Technical University Trabson (Түркия) жоғары оқу орындарынан келген шетел профессорларының дәрістері өтті. Ғалым-биологтардың дәрісіне факультет студенттері мен оқытушылары топырақ пен қоршаған ортаны сақтаудың әдіс тәсілдері бойынша ақпарат алып, көкейлерінде жатқан сауалдарына жауап алу үшін келді.**

## ОРТАҚ МҮДДЕ



Ал бұл ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасына кері әсерін тигізеді. Ғалымдардың пікірінше, топырақтың ластануын алдын алуға бағытталған биологтардың технологиялық ғылыми әдістері, тұтынушыларға жеткізілетін тағамдық тізбегінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге болады дегенді ҚазҰУ да өткен дәріс сағатында шетелдік ғалымдар мәлімдеді.

Топырақ сапасы мәселесін айта келе,

ғалымдар университеттерде жүргізіліп жатқан зерттеулерге назар аударды. Сондай зерттеулермен Лотарингия университетінің зертханасында айналысып жатқан ҚазҰУ-дың PhD докторанты да бар. Айта кететіндігі, университеттер арасында көп жылдық ынтымақтастық арқасында көптеген магистранттар мен PhD докторанттары қос диплом бағдарламасы бойынша білім алып, тағылымдамадан сәтті өтті.

Ғалымдар атап өткендей, Қазақстан қарқынды әрі тездамып келе жатқан ел. «Бұндай үрдіс жұмыстың жандануына серпін беретіндігі сөзсіз. Мысалы, бүгін дәрістен кейін студенттер тарапынан көптеген сұрақтар қойылды. Яғни бұл жастар тарапынан қызығушылықтың барын білдіріп қана қоймай, жана білім алуға деген құштарлығын және дамуға шын мәнінде мүдделі екендігінің дәлелі. Бұл мені ҚазҰУ-дың студенттері мен әріптестеріммен жұмыс істеуге шабыттандырады», — деп атап өтті Karadeniz Technical University Trabson (Түркия)

университетінің профессоры Зини Демирбаг.

Шетелдік ғалымдардың келуі Эразмус+ бағдарламасы аясында жүзеге асырылып отыр және аталмыш жоба қос диплом бағдарламасымен Франция университетінің негізінде тағылымдамадан өту үшін жана магистранттарды тартуға бағытталған.

«Мен ҚазҰУ-ға алғаш рет келдім. Бұл әрбір студент үшін үлкен арман деуге болады. Табиғат пен тамаша ландшафт, керемет кампус бар. Сондай-ақ биология факультетінің мұражайы да мен үшін күтпеген сый болды. Мұндай мұражайлар сирек кездеседі және оны мақтан тұтуға тұрарлық. Біздің ынтымақтастығымыз әрі қарай жалғасын табады деп үміттенемін, ортақ жобалар мен идеяларды бірлесіп жұмыс істейтін боламыз», — деді өз сөзінде Лотарингия университетінің ғалымы Сирил Фейли.

VI Халықаралық «Фараби оқулары» форумы аясында биология және биотехнология факультетінде шетелдік қонақтардың қатысуымен көптеген іс-шаралар мен кездесулер өтеді.

Гүл БАЯНДИНА

**ҚазҰУ-дың 3 курс студенті Амангелді Азат механика пәндері бойынша XI Республикалық студенттік олимпиадасында бірінші дәрежелі дипломына ие болды**

**ҚазҰУ-дың әскери кафедрасында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов атындағы кубок үшін III «Сарбаз» әскери-патриоттық ойыны өтті.**

## СЫҢҒА ТҮСКЕН САРБАЗДАР



Отан қорғаушылар күні мен Жеңіс күні қарсаңында ұйымдастырылған аталмыш шараға «Бөбек» Ұлттық орталығының «Өзін-өзі тану» гимназиясы және Алматы қаласының барлық аудандарының үздік мектептері қатысты.

Патриоттық ойынның шымылдығын алғы сөзбен ашқан ҚазҰУ әскери кафедрасының басшысы полковник Олег Ажимов біздің өміріміздегі патриотизмнің маңызын атап, еліміздің Тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Өз елінің патриоты болу – ол Қазақстанды жүрегінде сақтау!» деген сөзін алға тартты. Үшінші жыл қатарынан ұйымдастырылып отырған патриоттық ойынға Алматы қаласының Қазақстан халықтар Ассамблеясы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Парасат» қызметкерлер кәсіподағы бас демеушілік етті.

Ойынның бірінші бөлімі әртүрлі конкурстық тапсырмалардан тұрды. Оның ішінде шығармашылық конкурста оқушылар әскери тақырыпта дайындап алып келген өнерлерін көрсетті. «Тарих доңғалағы» аталатын конкурста балалар мемлекетіміздің тарихы туралы, Қазақстанға еңбегі сіңген батырларымыз бен Ұлы Отан соғысы ардагерлері туралы

көптеген сұрақтарға жауап берді. Сондай-ақ қатысушылар интерактивті лазерлік тирде ату жаттығуын орындап, мергендік машықтарын дартста көрсетіп, дене дайындығы бойынша білек күштерін ортаға салды. Ойынның ең көз тартарлық бөлімі әскерилендірілген эстафета болды, онда ойынға қатысушы жасөспірімдер ЖКҚК (жалпы әскери кешенді қорғау костюмы), атыс және әскери-медициналық дайындық, әскери топография бойынша нормативтерді орындады.

Тартысты өткен ойынның нәтижесінде және барлық кезеңдердің көрсеткіші бойынша

ҚазҰУ ректорының кубогын «Бөбек» ұлттық орталығы «Өзін-өзі тану» гимназиясының командасы жеңіп, ойын жеңімпаздарына Бурабайдағы әскери-спорттық лагерьде бес күнге демалуға жолдама берілді. Екінші орын әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың кәсіби мектебіне бұйырса, үшінші орынды Алматы қаласындағы Жетісу ауданының №148 мектеп-гимназиясы иеленді. Сонымен қатар ойынға қатысушы оқушыларға және келген қонақтарға қонақжайлылықтың белгісі ретінде дала асханасынан сарбаздық ботка тарту етілді.

## La francophonie 2019

**В рамках программы «Жастар жылы» в музее КазНУ им. аль-Фараби состоялось культурно-образовательное мероприятие «Frankophonie Nauryzy 2019», организованное преподавателями французского языка и студентами 2-3 курсов специальности «Иностранный язык: два иностранных языка» факультета филологии и мировых языков.**

На мероприятии присутствовали представители Французского Альянса Алматы. «Frankophonie Nauryzy 2019» превратился в настоящий праздник на французском языке, студенты декламировали стихи, пели, исполнили традиционный французский танец. Особенный восторг испытали участники во время игры на знание культуры и обычаев стран Франкофонии, в завершение которой победители получили памятные призы и подарки. Завершился праздник гимном Франкофонии в исполнении студентов.

## ОЛИМПИАДА ВОСТОКОВЕДОВ

**На факультете востоковедения КазНУ им. аль-Фараби прошла ежегодная XI республиканская предметная олимпиада по специальности «Востоковедение». Количество участников секции корееведения в этом году составило 27 человек – студенты из КазНУ им. аль-Фараби, КазУМОиМЯ им. Абылай хана и ЕНУ им. Л.Н.Гумилева.**

Олимпиада проходила в два тура. Заданием первого тура было выполнение тестового задания по языку, истории, страноведению и написание на корейском языке эссе на тему «В чем заключается смысл жизни для вас?». По результатам 10 человек из 27 успешно прошли во второй тур олимпиады и представили вниманию жюри презентации на тему «Если бы я сделал бенчмаркинг из Кореи».

Оценивала работы команда жюри в составе вице-консула Республики Корея в Алматы господина Ли Джун Хо и заместителя директора Центра образования Республики Корея в Алматы Ким Су Ен. По итогам двух туров участникам олимпиады были присуждены три призовых места. Почетное 1 место заняла студентка 4 курса отделения корееведения кафедры Дальнего Востока факультета востоковедения КазНУ Айжан Каирғалиева, 2 места присуждены студенткам 4 курса отделения корееведения кафедры Дальнего Востока факультета востоковедения КазНУ Айгерим Сайлауеновой и Меруерт Серик, 3 третьих места разделили между собой студенты 2 курса Анель Токтарбекова из ЕНУ им. Л.Н.Гумилева и студенты КазНУ Гауһар Отеген и Кундыз Турысмағанбетова. Всем победителям были вручены специальные дипломы и денежные призы от спонсоров – Центра образования Республики Корея в Алматы, Южнокорейской ассоциации крупных предпринимательств в Алматы, Южнокорейской ассоциации среднего и малого бизнеса в Казахстане, Академии корееведения Республики Корея.

Проведение ежегодной республиканской олимпиады по востоковедению стало доброй традицией, способствующей совершенствованию восточного языка, раскрытию творческих способностей студентов, формированию интереса к изучаемому предмету и избранной профессии.

Соб. корр.

**Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 2018 жылдың қаңтар айындағы халыққа арналған жолдауындағы тапсырма негізінде, сол жылдың ақпан айынан бастап тұрғындарға ақпараттық және электронды көмек көрсету мақсатында «DAMU MED» медициналық ақпараттық жүйесінің мобильді қосымшасы енгізілді.**

## СТУДЕНТ, "DAMUMED" МҮМКІНДІГІН ПАЙДАЛАН!

DAMUMED мобильді қосымшасы сізге келесі қызметтерді қолжетімді етеді:

- Қабылдауға жазылу
- Менің тіркелулерім
- Дәрігерді үйге шақыру
- Менің шақыруларым
- Еңбекке жарамсыздық парағы
- Менің рецептерім
- Рецепттерді ұзарту
- Қауіп-қатер батырмасы
- Зертхананың нәтижелері



тізімін қадағалап және жабылған еңбекке жарамсыздық парақтарын жүктей аласыз.

– Менің рецептерім – жеке кабинетіңізден жазылған рецептілерді әрқашан көре аласыз.

– Зертхананың нәтижелері – зертханалық зерттеулердің нәтижелерін лабораторияның нәтижелері бойынша қарауға болады.

– Қауіп-қатер батырмасы – белгілі бір санатқа жататын (5 жасқа дейінгі балалар, диспансерлік есепте тұратын науқастар, жүкті әйелдер) пациенттерге дәрігерді шұғыл шақыру үшін құрылған.

– Хабарландыру модулінде алдын ала хабарламалар түсіп отырады, тұрғындар скринингтік, флюорографиялық, алдын ала медициналық тексеруден өту және т.б. хабарламалармен танысасыз.

Ұлы Гиппократ «Медицина өнері үш элементтен тұрады: ауру, науқас, дәрігер» деген сөзіне, XXI ғ. бұл тізімге сенімді түрде «цифровизация» сөзін қосуға болатындай!

Бірінші кезекте цифрландыру пациенттердің өз денсаулығын үнемі қадағалап отыруына, жоғарғы сапалы медициналық көмек алуына, дәрігерлер мен пациенттердің уақытын үнемдеуге мүмкіндік береді.

**Дана НҰСҚАБАЕВА,**

Алматы қ. Қоғамдық денсаулық

Басқармасы ШЖК

«Қалалық студенттер емханасы» МКК-нің

№23 учаскелік дәрігері

**На факультете истории, археологии и этнологии КазНУ состоялась церемония открытия аудитории имени Габбаса Жуматова**

# НАУРЫЗҒА - АЛМА БАҒЫ!



**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық  
университетінің  
ректораты

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

Бас редактор: **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**  
Тілшілер: **Еңлік АҚЖІПТ, Айнұр АҚЫНБАЕВА,**  
**Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА**  
Фототілші: **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**  
Корректор: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШҮРИЕВА**

**МЕКЕНЖАЙЫ:**

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,  
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны:  
377-33-30, ішкі: 11-94,  
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:  
**kazuniver2016gazeta@gmail.com**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,  
беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында  
басылды.

**Бағасы келісім бойынша.**

**Таралымы 1000 дана**  
**Тапсырыс: №600**

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.